

УДК 378  
ББК 74.58  
S81

**Редакционная коллегия**

*Шакирова С.М.* - к.ф.н., и. о. директора Управления по науке

*Сапаргалиев Д.Б.* – PhD, зам. директора Управления по науке

*Никифорова Н.В.* - д.э.н., профессор, декан послевузовского образования

Все статьи прошли проверку в системах Антиплагиат.ВУЗ - на русском языке, Turnitin.com - на английском языке, Advego Plagiatus v.1.2.093 – на казахском языке. Уникальность текстов не ниже 75%.

**i – START. Предпринимательство: энергия молодых.**

Материалы международной научно-практической конференции студентов и магистрантов 16-17 апреля 2015 г.- Алматы, Алматы Менеджмент Университет, 2015 – 320 с.

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

УДК 378  
ББК 74.58  
S81

**ISBN: 978-601-7021-36-8**

## ҚР-ДАҒЫ «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА» ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазақстан Республикасы әлемге табиғи қорларға бай ел ретінде танылған. Мемлекетіміз энергия көзін көп қажет ететін елдердің алдыңғы қатарында. Себебі, еліміздің экономикасы мұнай секторына, кен өндіруші және ауыр өнеркәсіпке тәуелді. «Жасыл экономиканың» дамуы – соңғы жүз жылдықтағы «қоңыр» экономика және оның технологиялары арқылы қоршаған ортаға төнетін қатерді азайтумен байланысты.

«Жасыл экономика» – қоршаған ортаға зиян тигізбеуге, керісінше халықтың әл-ауқатының жоғарлауына, мемлекеттің бір қалыпты дамуына мүмкіндік беретін, яғни экологиялық тазалыққа бастайтын халық-тық жоба. «Жасыл экономика» өндіріс қалдықтарын пайдаға жарату, сумен қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығына қатысты және т.б. мәселерді қарастырады.

«Жасыл экономика» – арзан жоба емес. Себебі, оны жүзеге асыру үшін жыл сайын ЖІӨ-нің 2%-н осы салаға жұмсау қажет. «Жасыл экономикаға» өту үшін осы сфераға инвестиция құю және салықтық жеңілдіктер – басты міндеттердің бірі болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстан «жасыл экономикаға» көшуі үшін міндетті түрде әлем елдерінің оң тәжірибелерін ескергені жөн, себебі еліміз үшін бұл жаңа тапсырма болып табылады. Осыған сәйкес, ұлттық деңгейде тәжірибесі мол жеке мемлекеттер айтарлықтай. Атап айтқанда: Оңтүстік Корея, Германия, Швеция, Норвегия, Канада, АҚШ, т.б. Бүгінгі таңда Қазақстан бұл жобаны іске асыруда Оңтүстік Корея және Германия мемлекеттерінің тәжірибесін пайдалануды жоспарлап отыр.

Оңтүстік Корея – «жасыл экономиканың» ұлттық стратегия бағытында жоспарлы түрде жүзеге асырған ең алғашқы мемлекет. Бұл стратегияда басты көңіл 3 элементке бөлінген: өнеркәсіп, энергия көзі, инвестиция. Стратегияға сүйене отырып, минималды түрде энергия көзін, өзге де ресурстарды пайдалана отырып өндіріс көлемін сақтап қалуға, экономикалық өсімнің табиғатты қорғау бойынша әрекет етуші күшіне инвестиция салу шараларын іске асыруға бағытталған.

«Экономикалық даму және ынтымақтастық ұйымы» ақпараты бойынша: «жасыл» экономикаға салынған инвестиция көлемі – 9,3 млрд. еуроны құрайды. Бұл инвестиция сомасы транспорттың «жасыл» түрлерін, тұщы судың альтернативті көздерін, қалдықтарды қайта өңдеп шығару технологияларын дамытуға, сондай-ақ, 19,3 млрд. еуро бизнеске салынатын салықты қысқартуға жұмсалған.

Германия – жоғары деңгейдегі экологиялық стандартқа сәйкес жел диірменін, күн энергиясының әр түрлі элементтерін қолданатын мемлекет. Германияда жасылдандырудың негізгі бөлігі – қызмет көрсету саласында жұмысбастылықты көбейтуге бағытталған, әсіресе инновациялық сферада, себебі бұл сфера қоршаған ортаға жағымсыз факторларды төмендетеді. Осындай атқарылған жұмыстар арқылы, неміс халқы «жасыл экономиканы» дамытуда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп отыр.

Осыған орай, шетел тәжірибесінен көретініміз: «жасыл экономика» – инновациялық негізде ел экономикасының бір қалыпты өсуін қамтамасыз етеді, көптеген постиндустриалды елдерде өзінің ауқымымен қозғаған экологиялық дағдарысты біздің елде болдырмауға, әр түрлі ғаламдық қауіп-қатерден сақтауға, яғни еліміздегі климаттың өзгеруінің және су тапшылығының тәуекелін төмендетуге мүмкінді береді.

Қазақстанда басты экологиялық проблема – су ресурстарының тапшылығы және судың ластануы. Бұл әлемдік проблема деп те айтуға болады, себебі су – энергияның ерекше түрі. Сондай-ақ, БҰҰ-ның «Рио+20» тұрақты даму жөніндегі конференциясында таза ішуге жарамды суға қол жеткізу – «жасыл экономикаға» өтудің басты кілті екені айқындалған болатын[1].

Қазақстанда жалпы өзен су қоры орташа есеппен – 100,5 км<sup>3</sup>-ты құрайды. Оның жартысы ғана қолдануға жарамды болып табылады: 29% су көлемі экологиялық және санитарлық қажеттілікке, 9 % транспорттық және энергетикалық, 12% іріктеу және өзге де жоғалтуларға жұмсалады[2].

Жылдан жылға республикада халықты ішуге жарамды, таза сумен қамтамасыз ету жағдайы нашар-



лай түсуде. ҚР халқының 20 %-ға жуығы сапасы нормативтік стандартқа сәйкес келмейтін суды тұтынады. Су қоймасына тазартылмаған немесе жеткіліксіз тазартылған су ағындарын жіберудің әсерінен судың ластану, бітеліп қалу, үстіңгі қабат қорының таусылу процесі жалғасуда. Су объектісіне тасталатын қалдықтар жылдық есеппен – 2,5 млн. тоннаны құрайды. Су бұрғыш желісінің 34 % және қала, ауылды елді-мекендердегі канализациялық желілер ұзақ уақыт бойы күрделі жөндеуден өтпегендіктен табиғи тозуға жетіп отыр.

1-кестеге сәйкес, жылдан жылға суды қолдану өсуде, бұның басты себебі халықтың өсуі.

**Кесте 1. Бір адамға шаққандағы суды қолдану**

	2012	2013	2014
Жалпы суды қолдану (млн. кубометр)	498,4	490,4	22,1
Бір адамның жылына суды қолдануы(кубометр жылына)	30,6	29,9	1,5
Деректер көзі: Қазақстан Республикасының статистикасы бойынша Агенттігінің ресми сайты: <a href="http://www.stat.gov.kz">www.stat.gov.kz</a> .			

Айтылғанның бәрі қайтымсыз салдарға алып келуі мүмкін. Жайлауда су жетіспеушілігінен, жем тапшылығынан мал шаруашылығында өнімділік азаю мүмкін. Сумен қамтасыздандырудың және өнімділіктің нашарлауы ауыл тұрғындарының табыстарына кері әсерін тигізіп, олардың қалаға көшуіне ықпал етеді. Табиғи ресурстарды тиімсіз пайдалану салдарынан Арал теңізі 40 жылда су запастарының 90%-ын жоғалтты. Балқаш көлін осы ауыртпалық күтуде: жылдам даму жоспары орындалса, ол 2045 жылға су запастарының 86%-ын жоғалтады. Балқаш көлінің айналасында болған 16 көлдің тек 5 сақталып қалды. Көрші елдерден су құйылуы да жылына 2-3%-ға төмендеп келеді [3].

Осы су мәселелерін шешу үшін заманауи икемделу қажет. Негізгі шешімдердің бірі ҚР халқының әлеуметтік сана-сезімінің өзгеруі.

«Жалпы қоғамның ойын өзгерту қажет. Біз суды шашуды тоқтатуымыз керек, ол – біздің ең қымбат табиғи байлығымыздың бірі» [4].

Бұл жердегі маңызды сәт: адамды экологиялық, «жасыл» тәртіпке мәжбүрлеу мүмкін емес. Халықты бұндай тәртіпке ынталандыру керек.

Сонымен, бүгін еліміздің алдында тұрған ең басты міндеттері:

1. Аймақтардың мұқтаждықтарын қанағаттандыру үшін суды тиімді пайдалану;
2. Су алабтары деңгейінде су ресурстарын басқару жүйесін құру және сумен жабдықтау жүйесін оңайландыру;
3. Еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
4. Топырақ құнарлылығын қалпына келтіру жобасын іске қосу;
5. Бағалы табыстың жаңа көздерін табу арқылы ауыл шаруашылығын ұзақ мерзім бойы жоғары деңгейдегі пайданы қамтамасыз ететін салаға айналдыру.

Жоғарыда аталған мәселелерді шешу үшін осыған сәйкес жағдай жасау қажет. Бұндай жағдайларға ұлттық нормативтік-құқықтық құжаттар, саясат, субсидиялар және ынталылық, әлемдік нарық, заңды инфрақұрылым, тауар айналымы және қаржылық көмек туралы хаттамалар жатады. Бүгінгі күні қалыптасқан жағдайлар «қоңыр» экономиканы сақтауда. Ал ол оз кезегінде, жанармайdan алынатын энергияға тәуелді. Егер мемлекет тұрмыстық қоқысты кәдеге жаратуға тырысса, тұрғындарды контейнерлермен қамтамасыз етуі қажет. Салық салуды жұмыс күшіне емес, ластануға салуды көздейтін «Экологиялық» салық жүйесін реформалау керек. Экологиялық жобаларға салынатын мемлекеттік инвестициялардың өсуін арттыру қажет, экологиялық таза технологияларды зерттеуге мемлекеттік демеулер көрсету.

«Жасыл» экономикаға көшу үлкен инвестицияларды – жылына ЖІӨ-нің 2%-на дейін, яғни 5-6 миллиард АҚШ долларын қажет етеді. Экологиялық технологиялардың орындалуы макроэкономикалық және әлеуметтік параметрлеріне тәуелді. Алайда, жағымды нәтижелер жағымсызға қарағанда әлдеқайда көп болмақ. «Жасыл» экономика бірінші ретте экономикалық прогресске жағдай жасап, жалпы ішкі өнімнің өсуін, еліміздің табысын ұлғайтуды және жұмыссыздықтың азаюын қамтамасыз етеді. 2050 жылға 500 мың жаңа жұмыс орындары, өнеркәсіптің және қызмет көрсету өрісінің жаңа салалары ашылады. Бұл қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартып, ЖІӨ болжамы бойынша 3 %-ға өсуі қажет [5].

Осылайша, Қазақстан «жасыл» экономиканы дамытудың бірден-бір мүмкіншіліктеріне және алғышарттарына ие. «Жасыл экономика» нәтижесінде дамудың ішкі сарқылмайтын көзінің мобилизациясы арқасында Қазақстан инновациялық дамуда жаңа сатыға көтеріледі. Бұл өз кезегінде, ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді. «Жасыл экономика» еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды құрал және ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегия» жолдауында айқын мақсат ретінде көрсетілген дамыған 50 елдің қатарына кіруге мүмкіндік береді.

**Деректер көзі:**

1. Будущее, которого мы хотим. Итоговый документ Конференции ООН. 1 Рио-де-Жанейро, Бразилия 20-22 июня 2012 г.
2. «Жаңа мың жылдықтағы Қазақстан су ресурстары» Даму бағдарламасы [Электронды ресурс] / [www.undp.kz/library\\_of\\_publications/files](http://www.undp.kz/library_of_publications/files) (28 қаңтар 2014)
3. Госсен, Э. Ф. Актуальные интервью. Алматы. Изд. Центр ОФПИИ «Интерлигал», 2008.
4. ҚР Президентінің жолдауы - «Қазақстан-2050» Стратегиясы»: «мемлекеттің жаңа саяси курсы» 14.12.2012 ж.
5. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу концепциясы – ҚР Президентінің 30 мамыр 2013 жылғы № 577 Жарлығы.